

**«Мұрын жырау Сеңгірбекұлы атындағы Маңғыстау жоғары педагогикалық колледжі»  
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны мекемесінде жүргізілген сыбайлас  
жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері  
бойынша талдамалық анықтама**

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы бұйрық, жауапты  
тұлғалар:**

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін (бұдан әрі – СЖТІТ) колледж директоры Умирбекова Бақтыгул Суйінбаевна «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» 2025 жылғы «29» тамыздағы № 75 нқ бұйрық шығарылды

СЖТІТ өткізуге жауапты тұлғалар болып анықталды:

1. Н.Кайболдиева- директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары;
2. Б.Джарылгасова - директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары;
3. С.Калиева– директордың оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары;
4. К.Тенизбаева– директордың ақпараттық технологиялар жөніндегі орынбасары;
5. С.Канаев– директордың шаруашылық жұмысы жөніндегі орынбасары;
6. Б.Ниязбекова – кадрлар бөлімінің меңгерушісі;
7. А.Куспанова – бас есепші.

**1. Нормативтік- құқықтық база:**

«Мұрын жырау Сеңгірбекұлы атындағы Маңғыстау жоғары педагогикалық колледжі» МКҚК (бұдан әрі - Колледж) өз қызметінде келесі нормативтік -құқықтық актілерді басшылыққа алады:

- Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі;
- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы «Білім туралы» Заңы;
- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы;
- «Қазақстан Республикасының 2022-2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы №802 жарлығы;
- Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңының 16-бабы.
- Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңдары. «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін жалпы білім беретін пән деңгейінің немесе модулінің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2023 жылғы 6 қаңтардағы № 1 бұйрығы.

**2. Есептік кезең:**

Осы СЖТІТ 2024 жылдың қыркүйегі - 2025 жылдың тамыз айының қорытындысы бойынша өткізілді.

СЖТІТ жүргізу барысында келесі міндеттер бойынша талдау жүргізілді:

- 1) білім беру, оқу бөлімі бойынша сыбайлас жемқорлықты тәуекелдерін анықтау;
- 2) ішкі құжаттарда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 3) персоналды басқарумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 4) мүдделер қақтығысына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 5) мемлекеттік қызмет көрсетумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 6) рұқсат беру функцияларын іске асырумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 7) ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтен туындайтын өзге де мәселелерді іске асыруға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 8) қаржы-шаруашылық қызметпен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

**1. Білім беру, оқу бөлімі бойынша сыбайлас жемқорлықты тәуекелдерін жою:**

2025-2026 оқу жылында колледж студенттері штаттық форматта оқыды.

Барлық сабақтар, оның ішінде зертханалық, практикалық жұмыстар мен кәсіптік практика штаттық режимде өткізілді. Мамандықтар бойынша білім беру бағдарламалары колледждің индустриалды кеңесінде талқыланып, оқу әдістемелік кеңесте мақұлданды, «Талап» КЕАҚ реестріне енгізілді. Жаңаоқу жылында 360 білім алушы қабылданды, колледжде қазіргі таңда 52 оқу тобы жинақталған және оқу үрдісі екі ауысымда жүргізіледі. Сабақтар екі ауысымда өтеді. Сабақ кестесі колледж директорымен бекітілді. Студенттердің міндетті оқыту сабақтарының апталық жүктемесі 36 сағаттан кем емес. Жұмыс оқу жоспарлары, оқу үрдісінің кестесі, сабақтар кестесі, оқытушылардың жылдық жүктемелері 29.08.2025 жылғы педагогикалық кеңестің шешімімен бекітілген. «Жалпы білім беретін пәндер» модулі 1440 сағат, 60 кредитті құрайды. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №29031 болып тіркелген).

### **Білім алушылардың сабаққа қатыстылығын және білімін бағалау:**

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау балдық-рейтингтік әріптік жүйесіне сәйкес жүргізілді.

Бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі:

оқытушыға оқу жетістіктерінің әр деңгейіндегі білім алушылар санатын объективті бағалауға және сенімді түрде саралауға мүмкіндік береді;

жаңа шешімдер іздеуге және ғылыми-шығармашылық белсенділікті (креативті құзыреттілікті) дамыта отырып, оқу және оқудан тыс уақытта білім алушылардың жүйелі түрде өзіндік белсенді қажеттілігін ынталандырады;

оқу мен жеке жетістіктерін өзіндік бағалау рефлексияға әсер етеді. Рефлексия мінез-құлықты және өзін-өзі дамытуды реттеудің негізгі факторына айналады және білім алушының болашақтағы жетістіктерін алдын-ала анықтайды.

Оқыту нәтижелері теориялық білімдерді, практикалық дағдыларды, дербестік пен жауапкершілік дәрежесін сипаттау арқылы, біліктілік деңгейін анықтау бойынша жалпы ұсыныстар ретінде беріледі. Оқу жұмыс бағдарламалар модульдік-кредиттік технологиясы негізінде жасалынған. Бір кредит 24 сағатты құрайды.

### **Емтихандар мен мемлекеттік емтихандарды өткізу тәртібі туралы ереже:**

Кәсіптік модульдің нәтижесі бойынша аралық емтихандар қарастырылған.

Қорытынды аттестаттау модульдер бойынша кешенді емтихан және демонстрациялық емтихан түрінде, "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгі қағидаларын " Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығынегізінде жүргізілді.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығы негізінде аралық аттестаттаудың емтихан ведомостары рәсімделген. Сынақтар, емтихандар тізбесі оқу жұмыс жоспарына сәйкес айқындалатын пәндер немесе модульдер бойынша жүргізілген. Аралық және қорытынды емтихан кестесі бекітілген. Білім алушыларды емтихан нысанына аралық аттестаттаудан өткізу барысында емтихан билеттері, тест тапсырмалары құрастырылып, оқу бөлімімен бекітілген. Емтихан кезінде білім алушылардың білімін бағалау балдық жүйе бойынша жүзеге асырылып, өтілу барысы оқу бөлімі тарапынан бақыланған. Колледжде білім алушыларға қорытынды аттестаттауды өткізу үшін колледж директорының бұйрығымен қорытынды аттестаттау комиссиясы құрылған. Қорытынды аттестаттау комиссиясының құрамы жұмыс берушілер өкілдерінен 60% -дан кем емес және білім беру ұйымы өкілдерінен 40% - дан артық емес арақатынаста құрылған.

### **2. Ішкі құжаттарда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.**

Колледждің ішкі құжаттары бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізілді. 2024 жылғы қыркүйек - 2025 тамыз аралығындағы қорытындысы бойынша барлығы бұйрық

шығарылды (жеке құрам бойынша – 285, негізгі құрам бойынша – 133, оқушылардың жеке құрамы бойынша – 15). Заң бұзушылық анықталмады.

### **3. Персоналды басқарумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.**

Кәсіпорынның штат саны 2025 жылы 72 бірлікті, оқытушылар тарификациясы 80 құрады. Колледж құрылымы бойынша штаттық санына сәйкес 72 адам, оның ішінде:

Колледж директоры - 1 бірлік,  
Директор орынбасарлары - 6 бірлік,  
Бөлім меңгерушілері - 4 бірлік,  
Есеп бөлімі - 5 бірлік,  
Кітапхана - 2 бірлік,  
Кадрлар бөлімі - 2 бірлік,  
Асхана қызметкерлері - 7 бірлік.

*Конкурстық рәсімдер.*

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің жоғары деңгейінің бірі бос лауазымдарға тұлғаларды конкурстық іріктеу рәсімі болып табылады.

Педагог қызметкерлерді лауазымға қабылдау конкурстық комиссия Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің № 57 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 22 желтоқсандағы № 513 бұйрығымен қарастырылған мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларының (3-тарау) конкурс өткізу тәртібіне сәйкес талданып отырған кезеңде 17 конкурстық рәсім өткізді.

Конкурстық рәсімдердің нәтижелері бойынша жаңа оқу жылына педагогтердің бос орындарына – 15 қызметкер қабылданды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша бос лауазымдарға орналасуға конкурстар өткізу кезінде заңда көзделмеген артықшылықтар (тамыр-таныстық, отбасылық жақындық) беру фактілері анықталған жоқ.

Мемлекеттік қызметтен босату және теріс себептер бойынша сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін жауаптылыққа тартылған фактілер жоқ.

2022 жылдың тамызынан бастап педагогтерді қызметке қабылдаудың барлық конкурстық рәсімдерін колледж конкурстық комиссиясы арқылы жүзеге асырады. Конкурстың барлық кезеңінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

### **4. Мүдделер қақтығысына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.**

Колледж қызметкерлерін талдау барысында жақын туыстардың, ерлі-зайыптылардың немесе жекжаттардың бірге қызмет (жұмыс) істеуі анықталған жоқ. Басқарманың қызметкерлері арасында мүдделік таластар мен даулар тіркелген жоқ.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 14 бабында белгіленген және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған шектеулер анықталған жоқ.

### **5. Мемлекеттік қызмет көрсетумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.**

**5.1. Техникалық және кәсіптік білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру** мемлекеттік қызмет стандартын «Білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың түрлері мен нысандарын және оларды беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 39 бұйрығының 6 - қосымшасына сәйкес жүзеге асырылады.

Техникалық және кәсіптік білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру бойынша - 26 азаматқа қызмет көрсетілді, оның ішінде дипломның телнұсқасы бойынша - 20 азаматқа, дипломның қосымшасының телнұсқасы бойынша - 6 азаматқа, өтініштер мен қызмет алушылардың қолдары журналға тіркелген.

Мемлекеттік қызметтерді көрсетуде мерзім бұзушылықтар орын алған жоқ.

**5.2.Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау:** Мемлекеттік қызметтің бұл түрі ҚР Білім және ғылым министрінің 20.01.2015 жылғы №19 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымының түрлері бойынша білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау ережесі» негізінде жүзеге асырылады. Осы аралықта білім алушыларды білім беру ұйымдарының түрлері бойынша ауыстыру бойынша - 50 қызмет көрсетілді, анықтамалары нөмірленіп, тіркелген. Кемшіліктер анықталған жоқ, мемлекеттік қызмет көрсету стандартқа сай атқарылған.

**5.3. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімді аяқтамаған адамдарға анықтама беру-** мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты ҚР Білім және ғылым министрінің 20.01.2015 жылғы №19 бұйрығымен бекітілген «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім алушыларға анықтама беру» мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларының 2-қосымшасына сай жүргізіліп, 31 білім алушыға анықтама берілген. №2 академиялық анықтамалары тіркеу журналына тіркеліп, қол қойылған. Қызмет көрсету барысында мемлекеттік қызмет алушылар арасынан шағымдар түскен жоқ.

**5.4.Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау** бойынша 2025-2026 оқу жылына «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 18 қазанындағы №578 бұйрығы негізінде «Мұрын жырау Сеңгірбекұлы атындағы Маңғыстау жоғары педагогикалық колледжі» МКҚК талапкерлерден құжаттар қабылдауды жүргізді. Қабылдау комиссиясы талапкерлерден 2025 жылдың 25 маусым мен 20 тамызы аралығында құжаттарды қабылдады.

Мұрын жырау Сеңгірбекұлы атындағы Маңғыстау жоғары педагогикалық колледжіне оқуға азаматтардың өтініштерін қабылдау күндізгі бөлім нысанында жүзеге асты. Өтініштер мен құжаттарды қабылдау келесі мамандықтар бойынша жүзеге асырылды:

1. 01140100 - «Бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі»
2. 01120100 - «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту»
3. 01140500 - «Дене тәрбиесі және спорт»
4. 01140600 - «Негізгі орта білім берудегі тіл мен әдебиетті оқытудың педагогикасы мен әдістемесі»
5. 01140700 - «Информатика»
6. 01130100 - «Логопедия»
7. 01140300 - «Негізгі орта білім берудегі тіл мен әдебиетті оқытудың педагогикасы мен әдістемесі»

Талапкерлерді оқуға қабылдау үдерісі электрондық жүзеге асырылды. Құжаттарды қабылдау алғашында <https://es.edu.kz/> платформасы арқылы жүргізіліп, кейіннен <https://abiturient.edus.kz//> жүйесіне ауыстырылды. Құжаттар осы жүйе арқылы құжаттар қабылданып, рәсімделді.

Барлық мамандықтар бойынша оқуға түсуші талапкерлермен әңгімелесу өткізілді. Қабылдау комиссиясы әрбір талапкермен тиісті бағыттар бойынша ұзақтығы 20 минуттан аспайтын жеке әңгімелесу жүргізді. Әңгімелесуге арналған сұрақтар тізімі қабылдау комиссиясының төрағасы тарапынан бекітілді. Әңгімелесу нәтижесі «өтті» немесе «өтпеді» деген түрде бағаланды.

Күндізгі оқу бөліміне барлығы – 360 талапкер қабылданды. Оның ішінде ІІ-сынып негізінде – 112 талапкер, 9-сынып негізінде – 248 талапкер оқуға түсті. Қабылданған талапкерлердің ішінде жетім балалар және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға белгіленген квота негізінде – 2 талапкер, І, ІІ топтағы мүгедектер, бала кезінен мүгедектер, мүгедек балаларға белгіленген квота бойынша талапкерлерден құжат түскен жоқ.

Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушылар тарапынан шағымдар түскен жоқ.

## **6 Рұқсат беру функцияларын іске асырумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.**

Колледжде барлығы 80 оқытушы жұмыс істейді. Оның ішінде 78-і негізгі қызметкер болса, 2-і қосалқы қызметкер. Барлық оқытушылар жоғары білімді. Олардың 25-і ғылыми/академиялық магистр дәрежесіне ие, ал бір оқытушы Педагогика және психология білім беру бағдарламасы бойынша постдокторант. Оқытушылар құрамының 79 %, яғни 63 педагог жаңа форматтағы біліктілік санатқа ие. Оның ішінде 14 оқытушы – педагог-зерттеуші, 17 оқытушы – педагог-сарапшы, 32 оқытушы – педагог-модератор санатында. Сонымен қатар, колледжде бір «бірінші санатты басшы», екі «бірінші санатты басшының орынбасары» және үш «екінші санатты басшының орынбасары» бар.

2024–2025 оқу жылында 15 педагог біліктілік санатын растау немесе көтеру мақсатында аттестацияға өтініш берді. Нәтижесінде 2 оқытушы педагог-зерттеуші, 3 оқытушы педагог-сарапшы және 3 оқытушы педагог-модератор біліктілік санаттарына сәйкес шектік деңгейдегі ұпай жинады. Сонымен бірге 3 педагог педагогикалық біліктілік бағалаудан (ПББ) тыс аттестациядан сәтті өтті. Ал үш оқытушы шектік деңгейдегі ұпай санын жинай алмай, «педагог» санатына бұйрық шығарылды. Бұл оқытушылар – Онланбекова М.О., Көмекова Ж.А., Джаксыбаева А.Н. және сонымен қатар педагог-сарапшы санатына өтініш берген Ангсатова А.Т. ПББ-дан шектік деңгейдегі ұпай жинай алмады. Сонымен қатар «бірінші санатты басшының орынбасары» біліктілік санаты бойынша бір орынбасар педагогикалық біліктілік бағалаудан шектік деңгейде ұпай жинады.

## **7. Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтен туындайтын өзге де мәселелерді іске асыруға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.**

Колледж бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл бойынша тұрақты түрде жұмыс жүргізеді. Колледждегі соңғы жаңалықтар, өзгерістер, жетістіктер туралы ақпараттарды халыққа жеткізу мақсатында колледждің ресми сайты және әлеуметтік желілердегі парақшалар (Facebook, Instagram, YouTube) жұмыс жасауда. Ата-аналар және ұстаздарымен тығыз байланыста болу үшін WhatsApp, Telegram каналда чат ашылып, онда колледжге қатысты өтініштер, шағымдар мен ұсыныстар бере алады. Сонымен қатар, колледждің ресми сайтында Заңдар, құқықтық актілер, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралар мазмұны, колледж туралы толық мәліметтер орналастырылып, уақытылы өзектендіреді. Тұрғындар, ата-аналар тарапынан колледждің әлеуметтік желілерге түскен сұрақ, шағым, пікірлерге дер кезінде әрекет етіліп, сапалы жауап беріледі.

Жыл бойы Facebook, Instagram ақпарат құралдарына колледждегі атқарылып жатқан жұмыстар және жаңалықтар туралы мәліметтер уақытылы және толық беріледі. Колледж қызметкерлері үшін «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңдарын сақтауға қатысты құқықтық мәселелер бойынша тұрақты негізде консультациялар өткізіледі.

Колледж ғимаратының кіре берісінде азаматтарды *(жеке және заңды тұлғаларды)* қабылдау үшін пандус бар.

2025-2026 оқу жылында қандай да бір іс-шаралар үшін сыйлықтарды өткізу және ақша қаражатын заңсыз жинау фактілері тіркелген жоқ.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың профилактикасы және алдын алу тұрақты негізде жүзеге асырылады.

Колледж қызметкерлері жұмыс тәртібінің регламентін сақтайды, қызметшілердің мемлекеттік мекемеде жұмыстан тыс уақытта негізсіз болу фактілері байқалған жоқ.

Колледж ғимаратында, атап айтқанда вахтада, дәлізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыпта плакаттар орналастырылған.

Колледждің кіре берісінде Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі бойынша департаменті 1424 ССАЛ- орталығының және оқу орнының Сенім телефон номерін, басқа да мобильдік топтардың сенім сымтетіктері көрсетілген. Колледжде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шаралары жұмыс жоспары колледж директорымен бекітілген.

Оқытушылар мен қызметкерлердің ар-намыс кодексі:

- Оқытушылар мен қызметкерлердің ар-намыс кодексі бекітілген.
- Білім алушылардан «Таза сессия», «Студенттер көзімен», оқытушылар және қызметкерлерден қызметтік әдеп нормаларының сақталуын, ұжымдағы моралдық-психологиялық ахуалдың жай-күйін зерделеу мақсатында сауалнамалар жүргізілді. Нәтижесінде сыбайлас жемқорлық дәлелдері мен дәйектері кездеспеді.

Студенттердің өзін-өзі басқару ұйымының ережесі:

- Өзін-өзі басқару ұйымы студенттік парламент жұмыс жасайды. Студенттік парламент сегіз фракциядан тұрады. Фракциялар өз бағыттары бойынша жұмыстарын жүргізіп келеді. Оның ішінде «Саналы ұрпақ» клубы, «Парасат жолы» орталығы бойынша атқарылған іс-шаралар әлеуметтік желілерде орналастырылған.

## **8. Қаржы-шаруашылық қызметпен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.**

Мұрын жырау Сенгірбекұлы атындағы Маңғыстау жоғары педагогикалық колледжі мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының бухгалтерлік ұйымы – бухгалтерлік есеп саласында қызмет көрсететін ұйым болып табылады. Бухгалтерлік және қаржылық есептілік халқаралық стандарттарға және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің есеп және қаржылық есептілік мәселелері жөніндегі нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырылады. Колледждің бухгалтерлік есеп жүйесі «**К2.Бюджет**» бағдарламалық өнімімен компьютерлік есепте жүргізіледі. Колледждің кіріс көзі: мемлекеттік тапсырыс бойынша көрсетілетін білім беру қызметі, ақылы білім беру қызметі мен колледж жарғысында көрсетілген басқа да қызмет түрлерінен. Қаржыландыру мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде облыстық білім беру мемлекеттік мекемесімен Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңы негізінде жасақталған шарт бойынша колледж шотына түседі. Және де осы шотқа Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында тыйым салынбаған өзге де қызмет түрлері бойынша шарттық (ақылы) негізде қаражаттар түседі. Колледжде бір ғана есеп шот бар, ол Ақтау қаласындағы "ForteBank" АҚ филиалында ашылған.

Колледжде тауарларды, қызметтер мен жұмыстарды сатып алу «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңы мен Қаржы министрінің «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» №648 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады. 2024 жылы мемлекеттік сатып алу порталы бойынша 134 шарт жасақталып 43730,0 мың теңгеге тауар, 68353,6 мың теңгеге жұмыс 22540,2 мың теңгеге қызмет түрлері сатылып алынды. 2025 жылдың 9 айында 113 жасақталып 23681,2 мың теңгеге тауар, 26125,6 мың теңгеге қызмет түрлері сатып алынды. 2024 жылы мемлекеттік тапсырыспен жергілікті бюджеттен 947817,0 мың теңге, республикалық бюджет есебінен 164540,7 мың теңге, ақылы білім беру қызметінен 28674,2 мың теңге, буфеттік өнімдерді сату қызметінен 6248,5 мың. Түскен қаражаттың 529961,0 мың теңгесі қызметкерлердің еңбек ақысы мен демалыс уақытына берілетін өтемақы төлеміне жұмсалды. 59795 мың теңге әлеуметтік салықтарға аударылды. 413807,4 мың теңге студенттердің шәкір ақылары мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған студенттердің әлеуметтік төлемдеріне, сондай-ақ студенттердің қысқы және жазғы каникул кезінде жол жүру компенсациясына жұмсалды.

2025 жылдың 9 айына мемлекеттік тапсырыспен жергілікті бюджеттен 869361,8 мың теңге республикалық бюджет есебінен 164173,6 мың теңге ақылы білім беру қызметінен 8443,3 мың теңге, буфеттік өнімдерді сату қызметінен 4417,9 мың. 2025 жылдың 9 айында еңбек ақы мен қызметкерлердің демалыс ақысына аударылған қаражат көлемі 408681,1 мың теңге, әлеуметтік аударылымдар көлемі 51998,4 мың теңге, трансферттік аударылымдар көлемі 391495,2 мың теңгені құрайды. Барлық қаражат, оның ішінде мемлекет қаражаты белгіленген жоспарға сәйкес негізгі белгіленген мақсаттарға ғана жұмсалады. Колледждің қаржылық жағдайы тұрақты, негізгі табыс көзі білім беру қызметін көрсету болып табылады.

**Мекеме веб сайтының контенты:** <https://kollejudu.rtt.kz/>

Әлеуметтік желідегі сілтемелер: <https://www.facebook.com/MGK12041983>,  
<https://www.youtube.com/@MGK1283>

Ішкі талдау жүргізу қорытындылары бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері айқындалған жоқ.

Жұмыс тобының төрағасы: \_\_\_\_\_ Н.Қайболдиева

Жұмыс тобының мүшелері:

Директордың оқу-тәрбие

жұмысы жөніндегі орынбасары: \_\_\_\_\_ Б.Джарылгасова

Директордың оқу-әдістемелік

жұмысы жөніндегі орынбасары: \_\_\_\_\_ С.Калиева

Директордың ақпараттық технологиялар

жөніндегі орынбасары: \_\_\_\_\_ К.Тенизбаева

Директордың шаруашылық жұмысы

жөніндегі орынбасары: \_\_\_\_\_ С.Канаев

Кадрлар бөлімінің меңгерушісі: \_\_\_\_\_ Б.Ниязбекова

Бас есепші: \_\_\_\_\_ А.Куспанова

